ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасының өндірістік кеңес

№1 хаттамасы

04.09.2023ж Қатысқандар: 11

Күн тәртібі:

1. Ішкі еңбек тәртібі ережелерінің сақталуы. Қызметкерлердің құрамы, 2023-2024 оқу жылында жаңа келген қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру.
2. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы
3. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Н.Тилеумбетова балабақша қызметкерлерін жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, жаңа оқу жылына жаңа табыстар тіледі. Балабақшаның ішкі еңбек тәртібімен таныстырып, балабақша қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін таныстырып өтті. Балабақшада тәрбиешілер екі ауысымда жұмыс жасағандықтан, бірінші ауысымдағы және екінші ауысымдағы тәрбиешілердің уақыттарын атап өтті. Биылғы жаңа оқу жылында жаңа қызметкерлер қосылған жоқ, алайда әрбір қызметкер лауазымдық міндеттеріне жауапкершілікпен қарауы тиіс екенін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша балабақша аспазшысы Г.Исманова сөз алды. Өз сөзінде балалардың тамақтану мәзірінің айлық және бір апталық мәзір алдын ала дайындалып қойылатынын және де күз мезгілінде көкөністер мен жемістер пісіп жатқандықтан, ас мәзіріне көбірек енгізіліп жатқанын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді:

1. Ішкі еңбек тәртібімен таныстырылғандығы жөнінде нұсқаулық жасалып таныстырылсын.
2. Балалардың тамақтануы санитарлық талаптарға сай жүргізілсін.

Төрайымы Н.Тилеумбетова

Хатшысы Н.Алқабек

ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасының өндірістік кеңес

№2 хаттамасы

11.12.2023ж **Қатысқандар: 11**

Күн тәртібі:

1. **Жаңа жыл мерекесіне дайындық.**
2. **Өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы.**
3. Күн тәртібінің орындалуы

Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Н.Тилеумбетова сөз алып, бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырып өтті, алда жаңа жыл мерекесін өткізу жауапкершілігі тұрғанын жеткізді, жаңа жыл мерекесін өткізу барысында ең алдымен өрт қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігін сақталуын ескертті, сонымен қатар жаңа жыл мерекесі балалардың ең сүйікті мерекелерінің бірі болғандықтан, балаларға қызықты өту үшін бар жағдайлар жасалып, бағдарламасын талқылап бекітті. Ертегі кейіпкерлерінің рөлдеріне қызметкерлер бекітілді.

Екінші мәселе бойынша балабақшаның шаруашылық жөніндегі меңгерушісі М.Мусалин сөз алып, өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталуы жөнінде айтып өт…

Үшінші мәселе. Балабақша әдіскері Н.Алқабек сөз алып, балабақшада күн тәртібінің орындалуына байланысты хабарлама жасады. Күн тәртібі таңертегілік қабылдау мен баланы кешке үйіне шығарып салғанға дейінгі тәрбиелік іс шаралар жататынын білесіздер, жүйелі ұйымдастырылған күн тәртібі баланың денсаулығының, мықты болуымен, көңіл күйіне де әсер етеді, баланы күнде таза ауада шынықтыру оң әсерін тигізетінін туралы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді:

1. Жаңа жыл мерекесіне дайындық жүргізуге жауапты мамандар бекітілсін.
2. Өрт қауіпсіздігі ережелері сақталсын.
3. Күн тәртібінің сақталуы қанағаттанарлық деңгейде есептелсін.

Төрайымы Н.Тилеумбетова

Хатшысы Н.Алқабек

ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасының өндірістік кеңес

№3 хаттамасы

08.01.2024ж **Қатысқандар: 11**

Күн тәртібі:

1. Топтардағы орындалуы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы
2. Наурыз мерекесіне дайындық

Тыңдалды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Н.Тилеумбетова сөз алды, топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы туралы айтып өтті, санитарлық нормалардың сақталуы, ең алдымен балалардың гигиеналық процедуралардың сақталуы және де күн тәртібінің сақталуы, топтардың санитарлық жағдайынан тұратынын айтып өтті. Балабақша медбикесі сөз алып, топтарды бақылау барысында санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуында кей топтарда кемшіліктер орындалғанын айтып өтті, атап өткенде, төсек орындардың нөмірленгені сақталмауы тәрбиеші мен көмекшілеріне ескертілді.

Екінші мәселе. Балабақша әдіскері Н.Алқабек сөз алып бүгінгі жиналыста наурыз айында екі мерекелік іс шара өтілетіндігін, мерекенің бағдарламасы орындалуын атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді:

1. Топтардағы санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың орындалуы күнделікті жүргізілсін.
2. Наурыз мерекесіне дайындық жүргізуге жауапты мамандар бекітілсін.

Төрайымы Н.Тилеумбетова

Хатшысы Н.Алқабек

ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай балабақшасының өндірістік кеңес

№ 4 хаттамасы

20.05.2024ж

Қатысқандар: 11

Күн тәртібі:

1. Жазғы мезгілде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық.
2. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту.
3. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды.

Балабақша меңгерушісі Н.Тилеумбетова оқу жылы аяқталып жаз мезгіліне арналған жоспарымен таныстырды, жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері сақтау нұсқаулығын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері Н.Алқабек сөз алып балабақша қызметкерлерінің демалыс кестесімен таныстырды.

Балабақшадағы әртүрлі мәселелер бойынша айтылды, балалардың жаз мезгілінде аулада ойнау, балалардың жаз мезгілінде сай киінуі, сонымен қатар қосымша ауыстыратын киімдердің алып келуі сөз болды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді:

1. Жазғы мезгілде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік ережелері сақталсын.
2. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекітілсін.

Төрайымы: Н.Тилеумбетова

Хатшысы: Н.Алқабек